



• ПЕЙІЛ

## «Қайғыңа ортақпын, Қарағанды!»

Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры Токтар Әубәкіров «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына қарасты Костенко шахтасында орын алған апатқа байланысты қарағандылықтарға көңіл айтты. Редакциямызға жолдаған көңіл айту хатында былай делінген:



«Костенко шахтасында орын алған апат кезінде қаза болған кеншілердің отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының шахталарында апатты жағдайлардың жиі орын алуы өкінішті. Кәсіпорын басшыларының салғырттығы салдарынан қаншама отбасы асыраушысынан айырылып, қасірет шегіп отыр. Мұншама қайғының орнын толтыру мүмкін емес. Кешегі апат – Қарағанды көмір бассейні тарихындағы ең ірі апаттардың бірі. Ауыр қайғы. Осындай қиын сәттерде зардап шеккендерге рухани қолдау көрсетіп, ауыр қайғыны бөлісіп, жылы лебіз білдіріп жатқан барша отандастарыма алғысым шексіз. Мен қандай жағдайда да халқымен біргемін! Қайғыңа ортақпын, Қарағандым! Қаза болғандардың иманы саламат болсын, жарақат алғандар тез сауығып, отбастарына оралсын!»

**Токтар ӘУБӘКІРОВ,**  
Халық Қаһарманы,  
Қарағанды облысының  
Құрметті азаматы

• ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: Ел тарихындағы ең нашар компания

Костенко атындағы шахтадағы жарылыс Қарағанды ғана емес, бүкіл қазақ елінің қабырғасын қайыстырды. Бұл – Тәуелсіздік жылдарында құрбан болғандар саны жағынан ең үлкен апат. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 29 қазан шахтадағы жағдайға байланысты «Жалпыұлттық аза тұту күні» болып жарияланды. Бастапқы деректер бойынша төтенше жағдай кезінде шахтада болған 252 кеншінің 205-і сыртқа шығарылған. Ал, кеше таңертең ресми орган шахтада қалған 45 кеншінің денесі табылып, жоғарыға шығарылғаны мәлімдеді. Бір кенші әлі ізделіп жатыр. Қазір оқиға орнында комиссия мен жедел штаб жұмыс жасап жатыр.



**Салтанат ШИЯШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Меншік иесі өзгереді

Шахтадағы апаттың мән-жайы анықтап, тиісті шаралар қабылдау үшін Қарағанды облысына Президент Қасым-Жомарт Тоқаев келді. Қайтыс болған кеншілердің отбасыларына көңіл айтқан Мемлекет басшысы «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына қатысты тиісті шара қабылданатынын да жеткізді.

– Мен «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтату жөнінде тапсырма бердім. Бұл мекеме Үкіметпен және кәсіпорынмен ынтымақтастық тұрғысынан біздің тарихымыздағы ең нашар компания болды. Енді кәсіпорынның өзіне қатысты шаралар қабылдау туралы ойлануымыз керек.

Вадим Басин деген азамат бар, сіздер оны білесіздер. Ол бір кездері «АрселорМитталда» жұмыс істеген. Мен оған қайтып келіп, кәсіпорынды басқаруды тапсырамын. Кәсіпорынның қазіргі басшылығының қолынан ештеңе келмейді, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Ал, Вадим Басин өз кезегінде меншік иесінің өзгеруі жұмысшылар алдындағы міндеттемелерге әсер етпейтінін жеткізді. Қаза тапқан және зардап шеккен кеншілердің отбасылары өтемақынның барлық түрлерін толық көлемде алады.

– Жұмыс жағдайына, төлемге, әлеуметтік кепілдіктерге ешқандай өзгерістер енгізілмейді. Керісінше, оларды жақсарту тұрғысынан ғана қайта қаралуы мүмкін. Бұл компанияның әрі қарай жұмыс істеуі және әлеуметтік жауапты болуы үшін қажетті шарт. Ұжымның бірде-бір мүшесі жұмыстан

шығарылмайды, құқықтары бұзылмайды, – деді Вадим Борисович.

Ол бірінші кезекте шахталарда еңбек қауіпсіздігін арттырумен айналысып, қажетті жабдықтар сатып алынатынын да жеткізді.

### Позициялау жүйесі болмаған

Осыдан 2,5 ай бұрын «АрселорМиттал Теміртау» АҚ тиесілі «Қазақстан» шахтасында болған апат кезінде компания өкілдері шахталарға позициялау жүйесі енгізіліп жатқанын мәлімдеген болатын. Бұл өз кезегінде әр кеншінің жер астындағы жағдайын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Яғни, кеншінің бас киміндегі шамдарға дагчиктер орнатылып, олар жер бетіндегі камералар арқылы бақыланып отырады.

► 2-бет

• АЗАНАМА

## Қарағанды... Қасірет жыры

Тулақ сабап жатқандай тасқа аунатып,  
Қарағанды көгінен қашқан бақыт...  
...Шерубай-Нұра «Шерменде»  
күйін шалды –  
Соқыр өзен көзінен жас парлатып.

Сағым алып қашқандай самаланды,  
Қу тақырға шөгертін қара нарды.  
Зарлап көшкен жұрт едің,  
«Қарлағ» кешкен –  
Саған енді не дейін, Қарағанды?

Қазан таңы,  
Қайғымның қозғап бәрін,  
Аққуды аттың,  
ей, ажал,  
қазды атпадың.  
– Көмір берем – деп жүріп  
Өмір берген –  
Бақұлдаспай қайтемін, боздақтарым!

Самалы арлы, Сарыарқа, санаң арлы,  
Гептиль жауып құрдастың қаны ағарды...  
Жанарыңнан тағы да жас саулады –  
Қабағыңнан қар жауған, Қарағанды!

Тереңіме тербелген батты уайым,  
Қанаттыңды, қарғам-ай, Қақтырайын.  
...Ақ Ордаңның ішіне жібек жайып –  
Күміс сапты ожаумен ақ құйып.

Жайлауындай жаныңның жаз әлемі,  
Назы әдемі жұрт едің, сазы әдемі.  
...Қаралы ту көтерген, Қарағанды –  
Бірге бүгін өзіңмен Қазақ елі!

**Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,**  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты



• ӘЛЕУМЕТ

## Әлемді мейірім құтқарады

Өткен жексенбі елімізде «Қамқоршылар күні» атап өтілді. Қамқоршы – түрлі себептермен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге алған жандар. Олар балаға отбасы шуағын сыйлайды, сенім мен махаббат береді, сол арқылы оның тәрбиесі мен болашағына үлкен жауапкершілік арқалайды. Дәстүрге айналған игі мереке өзгелің баласын өзектен теппей бауырына басқан қамқоршыларға арналады, оларды қолдау мақсатында аталып өтеді.

**Жансая ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың білім басқармасының балалардың құқықтарын қорғау, қорғаншылық және қамқоршылық бөлімі ұсынған дерек бойынша аймақта 317 мыңнан аса бала тұрады, оның 2 мыңға жуығы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған. Ол балалардың 1190-ы қорғаншылықта және қамқоршылықта тәрбиеленуде, 261-і патронаттық тәрбиеде, отбасылық үлгідегі балалар үйлерінде – 28 және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда – 520 (білім беру жүйесінде – 404, ден-

саулық сақтау жүйесінде – 15, әлеуметтік қорғау жүйесінде – 101).

– 2016 жылдан бері облыста патронаттық тәрбиені дамыту жөніндегі кешенді жоспар іске асырылуда. Осы уақыт ішінде патронаттық тәрбиеге 540 бала орналастырылды, оның ішінде 329-ы – балалар үйі мен сәбилер үйінен. Бүгінгі таңда 261 бала 180 патронаттық отбасында, сондай-ақ, 1170 қамқоршылар мен қамқоршылардың отбасында 1190 бала тәрбиеленуде, – дейді басқарманың балалардың құқықтарын қорғау, қорғаншылық және қамқоршылық бөлімі бас маманы Бақыткүл Игенова.


2017 жылдан бастап, облыста 6 отбасы



түріндегі балалар үйі жұмыс істеп келеді. Олар Қарағанды қаласында, Абай, Қарқаралы аудандарында. Қазіргі уақытта алты отбасылық балалар үйінде 28 бала тәрби-

еленуде. Билы Әлеуметтік кодекстің қабылдануына және нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізілуіне байланы-

► 3-бет



## Реформа – өміршең өзгерістер

сты бұрынғы балалар үйі, өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталықтары арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтары болып өзгеруде. Аймақ бойынша бүгінгі таңда ондай төрт орталық бар. Одан бөлек, кәметке толмағандарды бейімдеуге арналған орталық, SOS Теміртау қаласының балалар ауылы және Саран қаласының «Преображение» жеке балалар үйі бар.

Ал, негізі балалар үйінің саны едәуір азайған. Мұны Бақыткүл Ақмашқызы айтты отыр.

► 3-бет

## ORTALYQ QAZAQSTAN

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**  
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.

**Kaspi.kz** арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз!

«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	5827,65	5891,70
	12 ай	11655,30	11783,40
Жеке жазылулар үшін	6 ай	3079,65	3083,70
	12 ай	6159,30	6167,40

Жеңілдікпен жазылу: 25 қазан – 25 қараша (бір жылға жазылу шартымен)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10215,00	10415,40
Жеке жазылулар үшін	3492	5535,30	5651,40

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

## Баспасөз - 2024







